

6D080800- «Топырақтану және агрохимия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Муминова Шолпан Самандаровнаның «Оңтүстік Қазақстанның сұр топырақтарында майбұршақтың қарқынды сорттарының өнімділігі мен технологиялық сапасына минералдық тыңайтқыштар мен биореттегіштердің әсері» тақырыбына орындаған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісінің

### ШКІРІ

Докторант Муминова Шолпан Самандаровнаның «Оңтүстік Қазақстанның сұр топырақтарында майбұршақтың қарқынды сорттарының өнімділігі мен технологиялық сапасына минералдық тыңайтқыштар мен биореттегіштердің әсері» тақырыбы бойынша жүргізген ғылыми зерттеулері, республикамыздың оңтүстік өңірлеріндегі өзекті мәселелердің бірі әрі майбұршақтың қарқынды сорттарына қолданылған минералдық тыңайтқыштар мен биореттегіштердің әсерлерін зерттеуге арналған жәнетәжірибе жүргізу барысында жақсы нәтижелер алынды.

Соңғы жылдары Қазақстанда майбұршақ дақылы дәні өндірісіне сұраныс артып келеді. Бірақ, елімізде осы дақыл өндірісінің жалпы көлемі халық шаруашылығының жоғары ақуызды шикізатқа деген қажеттілігін қанағаттандыру үшін өте жеткіліксіз болып отыр немесе сұраныстың небәрі 15-20 % жабады.

Республикада майбұршақ астығының өндірісін 5-8 есе ұлғайтуға мүмкіндік беретін табиғи ресурстарға бай әрі ғылыми әлеуетке және озық тәжірибеге ие, келешекте оған өз қажеттіліктерін толық қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар Еуропа және Азия елдеріне экологиялық таза майбұршақ өнімін экспорттауға мүмкіндіктер бар. Майбұршақтың республика бойынша орташа өнімділігі 20,3 ц/га аспайды. Егер дақылға жүйелі түрде минералдық тыңайтқыштар мен биореттегіштерді үйлестіріп қолданса, оның өнімділігін 35-40 ц/га дейін арттыруға болады.

«Оңтүстік Қазақстанның сұр топырақтарында майбұршақтың қарқынды сорттарының өнімділігі мен технологиялық сапасына минералдық тыңайтқыштар мен биореттегіштердің әсері» тақырыбы бойынша жүргізілген зерттеулер оңтүстік өңірлер үшін өте өзекті болып табылады.

Диссертациялық жұмыс бойынша жүргізілген зерттеулер ҚР АШМ «Оңтүстік – батыс мал және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС, «Егіншілік және өсімдік шаруашылығы» бөлімінде 2018-2022 жылдары «Әлемдік әртүрлілікті пайдалана отырып, елдің әртүрлі өңірлері үшін жаңа, жоғары өнімді, стресстік факторларға төзімді орта, жоғары сапалы майбұршақ сорттарын құру және енгізу» (мемлекеттік тіркеу нөмірі № 0118РК 01208) мақсатты қаржыландыру бағдарламасының бір бөлігі болып саналады. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде республикамыздың оңтүстік өңірлері жағдайында шаруа қожалықтары үшін майбұршақты тыңайту мен биореттегіштер арқылы өсіру технологиялары бойынша ұсыныстар әзірленді.



Докторант Муминова Ш.С. диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша ғылыми- зерттеу жұмыстарын орындау кезінде майбұршақ дақылмен жүргізілген зерттеулердің әдістемесін, бағдарламаларын жан-жақты меңгеріп, бекітілген жоспарын тиянақты әрі толық орындап, теориялық және практикалық білімін тереңдете түсті және диссертациялық жұмысын талапқа сай орындап шықты.

Егістік тәжірибелер мен зертханалық зерттеу жұмыстарын «Оңтүстік-батыс мал және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС, М.Ауезов атындағы университеттің тәжірибе танаптары мен зертханаларында қызмет атқаратын ғалымдармен бірлесе отырып жүргізді.

Зерттеу жұмысының нәтижелерінің мәліметтерін баспа беттерінде жариялады. Диссертациялық жұмыс бойынша 7 ғылыми еңбектері жарық көрді, оның ішінде ҚР БҒМ білім және ғылым аясындағы бақылау комитетімен ұсынылған ғылыми баспаларында -3 мақала, Scopus компаниясы мәліметтерінің базасына енетін журналдарда – 1 мақала, 3 мақала отандық ғылыми журналдарда, РИНЦ деректер базасына енгізілген журналдарда және өндіріске ұсыныс жарияланды.

Докторант Муминова Ш.С. диссертациялық жұмысының мақсаты, міндеттері және ғылыми жаңалықтары, тақырыптың жоспарына сай мәліметтермен тиянақталған және баспадан шыққан ғылыми мақалалардың мазмұнына сәйкес келеді.

Докторлық диссертация, оған қойылатын талаптарға сәйкес дайындалған. Докторант Муминова Ш.С. өзінің ғылыми жетістіктері және зерттеулерді жүргізу деңгейлері бойынша 6D080800- Топырақтану және агрохимия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші, «Топырақтану, агрохимия және экология» кафедрасының профессоры,  
а.ш.ғ.к, ҚР АШҒА докторы

Ә.Балғабаев



**РАСТАЙМЫН**

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу  
университетінің ғылыми кеңесшісінің қатынасы

28.04.2023ж.